

Л.Б. Избасарова*, э.ғ.к., доцент
А.К. Қадырбергенова, Phd, доцент
С.Е. Жақсығалиев, магистрант
С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай
және газ университеті
Атырау қ., Қазақстан
* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: Liza78_78@mail.ru

ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫ АЙҚЫНДАЙТЫН ФАКТОРЛАР

Мақалада инновациялық-инвестициялық қызметтің экономикалық тиімділігін айқындайтын факторлар және Қазақстан Республикасындағы инновацияларға жұмсалған шығындар көлемі мен инновация саласындағы белсенділік деңгейі туралы мәліметтер ұсынылады. Авторлар инновациялық-инвестициялық қызметтің нақты секторға пайдаланылуын, сонымен бірге, қызмет көрсететін әлеуметтік-инфрақұрылымдық үрдіске сай инновациялар үшін инвестицияларды ұлғайтуға қолайлы жағдайлар жасау керектігін, экономикалық үрдіске қатысушылар мүддесін инвестициялық ресурстарды тартуды жүзеге асырғанда ғана сұранысты арттыру нәтижелеріне қол жеткізуге болатына ерекше тоқталады.

Мемлекеттің тұрақты және ұзақ мерзімді экономикалық даму деңгейі көп жағдайда ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді жүргізуде тартылатын инвестицияларға, жаңа технологияларды және қолданыстағы технологияны пайдалануға байланысты болады. Қазіргі күнде еліміздің инновациялық көшбасшылар қатарынан көрінуі көбінесе оның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен, сондай-ақ халықтың ал-ауқатының артуымен, сондай-ақ, өмір сүру деңгейінің жақсаруымен анықталатыны белгілі.

Осыған байланысты, еліміздің барлық өңірлерін экономикалық тұрғыда сауатты басқару, оларды сапалық тұрғыда дамыту, экономиканың ұзақ мерзімді өсіміне негізделген мемлекеттік бағдарламаларды орындауға бағытталған саясатты жүргізу, инновациялық және инвестициялық үрдістерді дамыту жобаларын бірлесіп жүзеге асыру бойынша іс-шараларды әрі қарай жүзеге асыру қазіргі күннің басымдылығы ретінде айқындалуы тиіс. Өйткені, мемлекеттің экономикалық дамуы көбінесе ғылыми зерттеулер және әзірлемелерді жүзеге асыруға тартылатын инвестицияларға, жаңа технологияларды құру бойынша өндірістің тиімділігін арттыруға негізделетіні сөзсіз және ол өз кезегінде еңбек өнімділігі мен капиталдың өсуін, жоғары технологиялық өнімдердің көлемін арттыруға септігін тиігізіп, еліміздің экономикалық қуаттылығын белгілейді.

Кілт сөздер: инновация, инвестиция, инновациялық белсенділік, жаңа өнім, экономикалық тиімділік, капитал, экономикалық өсім, бәсекеге қабілеттілік, еңбек өнімділігі, капиталдың ұлғаюы.

Ключевые слова: инновация, инвестиция, инновационная активность, новый продукт, экономическая эффективность, капитал, экономический рост, конкурентоспособность, производительность труда, увеличение капитала.

Keywords: innovation, investment, innovative activity, new product, economic efficiency, capital, economic growth, competitiveness, labor productivity, capital increase.

Кіріспе. Инновация еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ететін негізгі күш бола келіп, отандық өндірушілердің табысын арттырады, бәсекеге қабілетті болу мүмкіндіктерін кеңейтетіні белгілі. Экономикадағы негізгі секторларға инновациялық жаңалықтарды енгізу бойынша іс-шараларға, жобаларға, бағдарламаларға белсенді қатысу отандық өндірістің қарқындылығын арттыруға негіз болады. Осы орайда, инновациялық үрдісті дамыту стратегиясын енгізуде негізінен оған бағытталған

жобаларды қаржыландыру көздерін табу, оны ұлғайту бойынша жұмысты жүзеге асыру және инвестиция тарту үрдісі қазіргі күнде өзекті және күрделі мәселе екені белгілі, өйткені инновацияға жұмсалған инвестициялардың қайтарылуы белгілі уақытты талап етеді.

Ел экономикасының тұрақты, ұзақ мерзімді және үдемелі дамуын, өсімін қамтамасыз етуде бірінші рөл инновацияға беріледі. Экономикасы дамыған елдердің тәжірибесінде инновациялық қызметті дамытуға басымдылық берілген, осын-

дай тәжірибені ескерек келе, Қазақстан да ұзақ жылға арналған стратегиялық жоспарда осы басымдылықты негізгі бағыт ретінде белгіледі. Өйткені, инновация өндірістің техникалық және технологиялық базасын үздіксіз жаңартуды қамтамасыз етуге мүмкіндік жасап, бәсекеге қабілетті жаңа өнім түрлерін шығаруға және меңгеруге, сондай-ақ, қызметтер мен тауарлардың әлемдік нарыққа кіруіне негіз болатыны айқын.

Функционалдық бағыт бойынша мемлекеттік басқару еліміздің экономикасына инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға, инновациялық және инвестициялық саясатты реттеуге, экономиканы дамыту бойынша басым болатын мемлекеттік бағдарламаларды айқындауға, инвестициялық бағдарламаларды дұрыс таңдауға, инновациялық қағидалар бойынша инфрақұрылымды мемлекеттік тұрғыдан қолдауға, осыған байланысты гранттарды бөлуге негізделген, ол сәйкесінше аталған іс-шаралардан өнім өндірісінің өсіміне негізделген нәтиже беретіні айқын.

Осыған байланысты, тұрақты ұзақ мерзімді экономикалық өсімге негіз болатын инновациялық және инвестициялық қызметтерді дамытудың мәселелері мен болашағын талдау, ұсыныстар беру зерттеу жұмысының мақсаты ретінде айқындалды.

Жұмыста тұжырымдалған мақсатқа жету аясында келесі міндеттер қойылып, шешілді: «инновациялық-инвестициялық қызмет» санатына жататын ұғымдық ақпаратты нақтылау және толықтыру, инновациялық негізде экономика салаларында инвестициялық әлеуетті пайдалану тиімділігін арттыруға әсер ететін факторларды анықтау және жүйелеу; функционалдық бағыты бойынша өңірлік, жергілікті, ұйымдық басқаруға негізделген инновациялық технологияларды енгізу үрдісін айқындау; кәсіпорындардың инновациялық қызметін жүзеге асыру бойынша деңгейін сипаттайтын инновациялық белсенділік деңгейін, Қазақстан аумағындағы өңірлер бойынша инновацияға жұмсалған шығындар көлемін, еліміз бойынша инновациялық өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) ЖІӨ-дегі үлесін талдау; инвестициялық-инновациялық қызметтің экономикалық тиімділігін және оны айқындайтын факторларды ұсыну. Зерттеу міндеттерін жүзеге асыру үшін инновация мен инвестицияны да-

мыту мәселелеріне арналған жетекші отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі зерттеулері мен ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің ресми сайтында берілген статистикалық деректері қолданылды.

Зерттеу әдістері. Мақаланың теориялық және әдіснамалық аспектілерін зерттеудің аналитикалық және салыстырмалы әдістері, барлық процестер мен үрдістерге жүйелі көзқарас, сонымен бірге, Қазақстан Республикасы бойынша инновациялық-инвестициялық қызметтің даму жағдайының статистикалық есептері мен көрсеткіштері, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрайды.

Әдебиеттік шолу. Өндірістің техникалық және технологиялық базасын үздіксіз жаңартуды қамтамасыз етуге мүмкін жасайтын бәсекеге қабілетті жаңа өнім түрлерін шығару мен меңгеруді негізге алған ғалымдар, зерттеулерінде осы үрдіспен байланысты қызметтер мен тауарлардың әлемдік нарыққа кіруіне негіз болатынын белгілейді.

Инновация «кәсіпкерлік рухпен негізделген өндірістік факторлардың жаңа ғылыми ұйымдастырушылық үйлесімі» ретінде Й. Шумпетермен анықталса, теоретик Б. Санто инновацияны техникалық-экономикалық үрдіспен тұжырымдайды, яғни «идеялар мен өнертабыстарды тәжірибелік қолдану арқылы оның қасиеттері бойынша ең жақсы өнімдер мен технологияларды құруға болатыныны айқын, ал егер инновация экономикалық пайдаға бағытталған болса, оның нарықта пайда болуы қосымша табыс әкелуі мүмкін» [1,2].

Нарықта жаңа өнім мен жаңа технологияны енгізу бойынша үрдісті жүзеге асыруда өзінің үлесін қосқан П. Друкер инновациялық идеялар негізінің қайнар көзі болатын факторларды анықтайды, атап айтқанда: «... фирмалар үшін күтілмеген жаңалықтар, экономикалық үрдістердің сәйкессіздігі, нарық немесе сала құрылымындағы өзгерістер, ішкі құбылыстарды жетілдірудегі тұтынушылық (ұйымдастырушылық, технологиялық үрдістер және т.б.), ғылыми және тәжірибелік жолдармен алынған жаңа білімдерді көрсетеді екен» [3].

Отандық ғалымдар К.Е.Кубаев, Қ.С. Байшоланова да өздерінің ғылыми еңбектерінде еліміздің инновациялық жүйесі саласындағы

мемлекеттік саясатты жаңғырту мәселелеріне тоқталып келе, ондағы мемлекеттің мақсатты функциясы экономиканың инновациялық-инвестициялық саясатына тоқталады, сонымен бірге, ондағы нақты секторға және қызмет көрсететін әлеуметтік-инфрақұрылым инновациясы үшін инвестицияларды ұлғайту үшін қолайлы жағдайлар жасалу керектігін атап өтеді [4].

Негізгі бөлім. Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріге, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы өзгерістер кезеңін өткеру барысына аяқ басқан бүгінгі әлем жаңа технологиялық үрдістерді қалыптастыруға байланысты өзгерулерді енгізу қажеттілігі айқын [5]. Осыған байланысты жүргізілетін мемлекеттің маңызды мақсатты функциясы экономикада инновациялық-инвестициялық саясатты бірізділікпен жүзеге асыра келе, оны нақты секторларға, сонымен бірге, салаларда қызмет көрсететін әлеуметтік-инфрақұрылымға инвестицияларды ұлғайту бағытында қолайлы жағдайларды жасау керек болса, сонымен бір мезгілде, осы үрдіске қатысушы субъектілердің экономикалық қызығушылығын арттыру және оған инвестициялық ресурстарды ынталандыру арқылы сұранысты түпкі нәтижелерге бағыттау.

Аталған үрдісті функционалдық бағыты бойынша өңірлік басқару деңгейі – бұл өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын сапалық дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламасын орындау жөніндегі саясатты жүргізу болып табылады, осы орайда, инновациялық және инвестициялық дамыту жобаларын бірлесіп жүзеге асыруға басымдылық берілсе, одан күтілетін нәтиже, атап айтқанда, инновациялық қызметпен байланысты өнімдердің енгізілуі өңірдің кірісін ұлғайтуға, өңірдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуге, мемлекеттік-жеке әріптестік жобаларының инновациялық белсенділігінің сапалы түрде өсуіне, саладағы басым зерттеулерге, әзірлемелерді дамыту және олардың нәтижелерін коммерцияландыру үшін инновациялық инфрақұрылымды құруға және қамтамасыз етуге бағытталады.

Функционалдық бағыты жергілікті басқаруға бағытталған үрдіс осы деңгей бойынша инновациялық жағдай және инвестициялық қызметті қалыптастыру болып табылады, бұл әрине, жергілікті аймақтардың жұмысын тиімді

басқаруды қамтамасыз ететін бағыт, яғни, онда мемлекеттік және жергілікті қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі сандық негізде артады, инновациялық үрдістерді жүзеге асырушылар үшін әкімшілік кедергілер азайтылады, жергілікті аймақтардың экономикалық даму жағдайында тұрақтылық орын алады, сәйкесінше, халықтың әл-ауқаты және өмір сүру деңгейі артады.


Ал, функционалдық бағыттағы ұйымдық басқаруға негізделген басқару деңгейінде өндіріс пен өнімдерді қайта өңдеу құралы ретінде инновациялық технологияларды енгізу үрдісі жүзеге асырылады, сондай-ақ, өндірістің оңтайлы құрылымы құрылады, аталған бағыттар жүзеге асырылғанда ұйымда өндірісті құрылымдық дамыту мен ұйымдастыруда тұрақтылық орнайды, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі артады, инвестициялық ресурстардың ағыны ұлғаяды, сонымен бірге, өнімді өндірудің оны қайта өңдеудің және сақтаудың инновациялық технологиялары енгізіледі, қызметкерлерге әлеуметтік тұрғыдан қолдаулар көрсетілу бойынша нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Инвестициялық-инновациялық қызмет негізінде экономикалық тиімділікті ұлғайту үрдісін жүзеге асыру аясын кеңейтуде негізгі басымдылық оның деңгейін арттырумен айқындалса, ол бағалау өзіндік құн; ағымдық бағалардағы құны бойынша жалпы өнім; жалпы бағадағы кіріс; пайда; рентабельділік көрсеткіштерімен белгіленеді [6].

Сонымен бірге, белгілі бағыттағы қызметті дамыту бойынша экономикалық тиімділікті арттыру оған мүдделі тараптардың қызметін экономикалық үрдістерді дамыту бойынша қызметтерін іске асыруды айқындайды, бұл өз кезегінде, өндірістегі қызметті жүзеге асыруға негізделген өнімді сатудың рентабельділігімен бағаланады. Бұл үрдісті анықтау, яғни өнімдердің тиімділігін, атап айтқанда, жалпы кіріс пен пайданың нақты көрсеткіштерін есептеу негізінде жүзеге асыруға болады. Өнімдер үшін циклдің ұзақ болуы, олардың өміршеңділігі аймақтағы операциялық өндіріс үшін инвестициялық салымдар, сонымен бірге, инновациялық-инвестициялық қызметтің тиімділігін анықтаумен байланысты және бұл жаңа өнімді енгізу үрдісінде уақытқа тәуелді болады. Өзіндік категория ретінде инновациялық белсенділік экономикалық тиімділікке негіз болып, оның көмегімен инновациялық қызметтің

сипаты бағаланады. Ал, белгілі бір технология негізінде көрініс алатын инновациялық қызмет нақты іс әрекеттердің құрамымен және мазмұнымен сипатталады. Сонымен, белгілі бір уақыт аралығында елдің, аймақтың, кәсіпорындардың

инновациялық қызметін жүзеге асыру бойынша деңгейін сипаттайтын инновациялық белсенділік деңгейі біздің еліміз бойынша 2016 жылғы көрсеткіш 9,3%-ды көрсетсе, бұл көрсеткіш 2020 жылы 11,5 %-ды құрайды (1-сур.).



1-сурет. **Иновация саласындағы белсенділік деңгейі*** (%)

* ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ресми сайты [электронды ресурс]. – URL: <http://www.stat.gov.kz> [7]

Сондай-ақ, 1-суретте Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің ресми сайтында берілген мәліметке сүйене отырып: «... елімізде өнімдік және үрдістік инновациялар бойынша белсенділік деңгейінің 2016 жылы 5,6 %, 2020 жылы 8,6 %-ға дейін артқан көруге болады».

Жалпы инновацияны зерттеумен байланысты тұжырымдама әр түрлі қарастырылады, атап айтқанда, ол: өндірістік, шығынды, тиімді, стратегиялық және бәсекеге қабілеттілік. Инновациялық қызметті жүзеге асыратын кәсіпорында экономикалық тиімділікті арттыру, олардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету, осы орайда, инвестициялардан пайда (кіріс) табу, оның ұлғаюына бағытталған бірлікпен байланысты болады. Ол үшін материалдық-техникалық базаны ұтымды пайдалану, айналым қаражаттарының үрдісін жеделдету және еңбек өнімділігін арттыру ұсынылады.

Аймақтағы инновациялық-инвестициялық қызметтің тиімділігін арттыру үшін негіз санат инвестицияларды пайдалану басымдылыққа ие болып, ол арқылы инновациялардың нәтижесі мен жұмсалған шығындар арақатынасына қол жеткізу арасындағы оңтайлылық іс-әрекеттер қалыптасады, ол инновациялық-инвестициялық үрдістерге қатысушылардың экономикалық қатынастары мен мүдделерін көрсетеді. Инновациялық үрдісті дамыту үшін технологиялық қорларды үнемдеуге аса мән беру керек, бұл үрдіс еңбек сыйымдылығын төмендетуді енгізумен байланысты еңбек шығындарын үнемдеуге әкелуге бағытталадыны белгілі, ол

өз кезегінде кеңейтілген өндіріс пен жаңа инвестицияларды ынталандыруға мүмкіндік береді, яғни: өндірісті, жұмыс күшін босатуға, нақты өндірістік шығындарды азайтуға ықпал етеді.

Жалпы тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуде ұлғайту мен арттырудың объективті заңдылықтары маңызды болып табылады, осыған сәйкес пайдаланылған және тұтынылған ресурстар – негізгі, айналым қорлары мен жұмыс күші, сонымен бірге, алдынала капитал немесе қолданылған ресурстарды құрайды. Тұтынылған шығындардың жекелеген элементтері атап айтқанда, жалақы, амортизация, материалдық шығындарды қамтитын ресурстардың үрдісі пайдаланылған нақты қызмет пен жиынтық өндірістің бөлігі. Осыған сүйене отырып, жылжымалы ресурстарды шығындар ретінде қарастыруға болады, ал ресурстар тұрақты шығындар болып табылады. Яғни, «ресурстар» мен «шығындарды» қозғалыстық бағыттары бойынша сипаттамалық ерекшеліктерін зерттеуде тиімділік идеясын айқындау шығындар бірлігіне байланысты кіріс түрінде алынған ресурс немесе инвестициялық тиімділікке қатынасы ретіндегі тәсіл болады.

Қазақстан аумағындағы өңірлер бойынша инновацияға жұмсалған шығындар көлемі төмендегі 1-кестеде беріледі, сонда Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің ресми сайтында берілген мәліметке сай инновацияға жұмсалған шығындар көлемі 2016 жылы 1 533 765,3 млн теңгені құраған болса, 2020 жылғы көрсеткіште бұл 783 271,0 млн теңгені құрап, инновацияға

жұмсалатын шығын көлемі төмендегенін көруге болады. Инновациялық шығындардың азаю салдарын жаһандық COVID-19 пандемиясының өршу салдарымен түсіндіріледі. Статистикалық комитеттің мәліметінде өңірлер бойынша инновацияларға жұмсалған шығындар көлемі 2020

жылы Атырау облысында 145 083,9 млн теңге, Шығыс Қазақстан облысы 112 557,1 млн теңге жұмсаған болса, өңірлер бойынша ең төменгі шығынды Маңғыстау облысы 2004,5 млн теңге және Қызылорда облысы 5008,4 млн теңге жұмсағанын көруге болады.

1-кесте

2016-2020 жылдарда инновацияларға жұмсалған шығындар* (млн теңге)

	2016	2017	2018	2019	2020
Қазақстан Республикасы	1 533 765,3	907 231,2	861 915,0	545 046,2	783 271,0
Ақмола	12 302,9	37 175,8	17 016,3	17 517,5	38 509,2
Ақтөбе	23 852,2	57 061,2	57 351,5	61 454,0	59 998,7
Алматы	6 656,8	9 051,9	26 964,4	14 528,1	30 794,9
Атырау	491 333,4	141 707,9	90 719,9	47 436,8	145 083,9
Батыс Қазақстан	25 407,0	6 556,8	12 154,3	10 482,9	11 755,8
Жамбыл	12 908,8	12 564,0	6 945,6	22 112,7	14 010,9
Қарағанды	26 175,6	28 720,4	55 131,8	39 593,1	53 670,8
Қостанай	34 565,9	35 921,5	15 406,8	17 219,1	15 786,2
Қызылорда	31 916,5	6 086,4	19 688,5	12 078,3	5 008,4
Маңғыстау	1 104,0	5 673,0	2 553,8	3 256,5	2 004,5
Павлодар	521 873,3	110 852,4	30 128,3	45 165,1	53 484,1
Солтүстік Қазақстан	16 233,9	21 559,4	16 071,2	12 391,4	34 909,8
Түркістан	2 203,4	11 152,6	9 207,1	4 482,1	17 997,8
Шығыс Қазақстан	156 111,7	101 347,1	80 270,9	61 964,7	112 557,1
Нұр-Сұлтан қаласы	87 892,1	92 934,1	81 815,6	91 664,7	84 008,4
Алматы қаласы	29 220,8	52 496,5	76 061,8	77 941,4	95 353,9
Шымкент қаласы	54 007,1	176 370,0	264 427,3	5 757,8	8 336,7

* ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ресми сайты [электронды ресурс].
– URL: <http://www.stat.gov.kz> [7]

Елдің экономикалық қуатын айқындайтын экономикалық қатынастарды жүйелі қалыптастыруда инновациялық қызметті дамыту мәселелеріне басым көңіл бөлінеді, өйткені инновациялық қызметтің соңғы нәтижесі өндірістің тиімділігін арттыруға, еңбек өнімділігі мен капиталдың өсуіне бағытталады, сонымен бірге, жоғары технологиялық өнімдердің көлемін арттыратыны белгілі, осындай экономикалық өсімге негізделген жүйені қалыптастыру үшін біздің еліміздің де нәтижелі іс-әрекеттер атқаруда, Қазақстан Республикасы

Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің ресми сайтында жарияланған мәліметте инновацияның барлық түрлері бойынша белсенділік деңгейі 2016 жылы 9,3% болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 11,5%-ды құрап, өсім болғаны көрінеді. Сондай-ақ, өнеркәсіп кәсіпорындағы инновациялық өнімнің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы өнеркәсіп өндірісінің көлеміндегі үлесі 2016 жылы 1,81% болса, 2020 жылы мұндағы үлес 5,83% болып, үлестің артқанын 2-кестеден көруге болады.

2-кесте

Кәсіпорындардың инновациялық қызметінің негізгі көрсеткіштері*


Атаулары	2016	2017	2018	2019	2020
1	2	3	4	5	6
Кәсіпорындардың саны, бірлік	31 077,0	30 854,0	30 501,0	28 411,0	28 087,0
инновацияның барлық түрлері бойынша инновациясы барлар, бірлік	2 879,0	2 974,0	23 230,0	3 206,0	3 236,0
инновацияның барлық түрлері бойынша инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %	9,3	9,6	10,6	11,3	11,5

1	2	3	4	5	6
өнімдік және процестік инновациясы бар, бірлік	1 743,00	1 770,00	2 019,00	2 131,00	2 402,00
өнімдік және процестік инновациялар бойынша инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %	5,60	5,70	6,60	7,50	8,60
Инновациялық өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) ЖІӨ-дегі үлесі, %	0,95	1,55	1,72	1,60	2,43
Өнеркәсіп кәсіпорындарындағы инновациялық өнімнің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы өнеркәсіп өндірісінің көлеміндегі үлесі, %	1,81	3,21	3,41	3,26	5,83

* ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ресми сайты [электронды ресурс]. – URL: <http://www.stat.gov.kz> [7]

Инновациялық-инвестициялық саясатты дамыту экономикалық өсімді, технологиялық бәсекеге қабілеттілікті, өнеркәсіптің қабілеттілігін ынталандыруды, капиталды жинақтауға негіз болса, еліміз бойынша инно-

вациялық өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) ЖІӨ-дегі үлесін 2-сұреттен көруге болады, яғни 2006 жылы үлес 1,53 %-ды көрсетсе, 2020 жылы бұл көрсеткіш 2,43 %-ға дейін артқан.



2-сурет. Инновациялық өнімдердің ЖІӨ-дегі үлесі* (%)

* ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ресми сайты [электронды ресурс]. – URL: <http://www.stat.gov.kz> [7]

Инновациялық-инвестициялық қызмет ұзақ мерзімді қамтитын инвестицияларды қажет етсе, аталған қызмет өндіріс пен қайта өңдеудің материалдық-техникалық базасын жаңартуға, сондай-ақ зияткерлік меншік объектілерін дамытуға байланысты бірқатар шығындармен байланысты болады, осы орайда, отандық кәсіпорындарға жаңа үрдісті технологияларды көпшілік тәртіпке енгізілу бойынша мүдделі жағдайлар жасауға негізделген инновациялық-инвестициялық қызметке мүмкіндігінше шетелдік инвесторларды тарту мен мемлекет тарапынан қарастыру қажеттілігі әр уақытта назардан тыс қалмауы керек [8].

Қорытынды. Тұрақтылықпен негізделген нәтижелі макроэкономикалық саясат – өнімділік пен ұлттық өсіп-өркендеу үшін потенциал құрып, ол – елдің шынайы байлығының микро-деңгейде құрылуына мүмкіндік береді. Ал, иннова-

циялық-инвестициялық қызмет, оның бағыттары, қарқындылығы мен нәтижелілігі көбінесе саланың тұрақтылығы мен экономикалық өсу қарқынын анықтайды. Мемлекет бәсекеге қабілетті инновациялық өнім өндіруді стратегиялық басымдылық жолымен негізгі капиталды арттыру бойынша ғылымды ынталандыру, сонымен бірге, зияткерлік еңбек пен ресурстық әлеуеттің ұдайы өндірілуін қамтамасыз ету арқылы реттеуі тиіс. Елімізде жүргізілген экономикалық саясат маңызды әлеуметтік-экономикалық басымдылықтың құрамдас бөлігі ретінде әрекет етуді қамтамасыз ететін инновациялық-инвестициялық саясатты іске асыруды шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында өзара ету жүзеге асыру және ол әртараптандыру бойынша іс-қимылды корпоративтік жағдайда мемлекеттің инвестициялық-қаржылық, құрылымдық-инновациялық іс-қимылдары мен жиынтығы шараларымен жүзеге асырылғаны дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шумпетер Й. Теория экономического развития. Капитализм, социализмидемократия// Москва: «Эксмо». – 2007. – 864 с.
2. Санто Б. Инновация как средство экономического развития // Пер. с венг. с изм. и доп. авт.; Общ. ред. и вступ. ст. Б.В. Сазонова. – М.: Прогресс. – 1990. – 295 с.

3. Друкер П.Ф. Бизнес и инновации / Питер Ф. Друкер; [пер. с англ. и ред. К. С. Головинского]. – Москва [и др.]: Вильямс. – 2007. – 423 с.
4. Кубаев К.Е., Избасарова Л.Б., Байшоланова К.С. Модернизация государственной политики в области национальной инновационной системы Республики Казахстан // Сб. материалов международной научно-практической конференции. Алматы: Қазақ Университеті. – 2009. – С. 88-95.
5. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар. <http://www.akorda.kz>.
6. Allred B., Swan K. Process technology sourcing and the innovation context // Journal of Product Innovation Management. – 2014. – No. 31(6). – С. 1146-1166.
7. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы// Қазақстанның ғылымы және инновациялық қызметі. 2016-2020 жылдарға арналған Статистикалық жинақ [Электронды ресурс]. – 2021. – URL: <http://www.stat.kz>.
8. Кубаев К.Е. Теория построения экономического управления // Евразийское сообщество: экономика, политика, культура. Алматы. – 2000. – № 2. – С. 28-38.

REFERENCES

1. Shumpeter I. Teoria ekonomicheskogo razvitiia. Kapitalizm, sosializmidemokratia // Moskva: «Eksmo». – 2007. – 864 s. [in Russian].
2. Santo B. Inovasia kak sredstvo ekonomicheskogo razvitiia / Per. s veng. s izm. i dop. avt.; Obsh. red. i vstup. st. B. V. Sazonova. – M.: Progres. – 1990. – 295 s. [in Russian].
3. Druker P.F. Biznes i innovasii / Piter F. Druker; [per. s angl. i red. K. S. Golovinskogo]. – Moskva [i dr.]: Vilams. – 2007. – 423 s. [in Russian].
4. Kubaev K.E., Izbasaroval. B., Baisholanova K.S. Modernizasia gosudarstvennoi politiki v oblasti nasionalnoi innovasionnoi sistemy Respubliki Kazakhstan // Sb. materialov mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii. Almaty: Qazaq Universiteti. – 2009. – S. 88-95 [in Russian].
5. Tortinshi onerkasiptik revolusia jagdaiyndagy damudyn jana mumkindikteri. Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbaevtyn Qazaqstan halqyna Joldauy. 2018 jylgy 10 qantar. <http://www.akorda.kz> (01.06.2018 j.).
6. Allred B., Swan K. Process technology sourcing and the innovation context // Journal of Product Innovation Management. – 2014. – No. 31(6). – P. 1146-1166.
7. Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jane reformalar agenttigi Ultytyq statisika burosy // Qazaqstannyn gylymy jane inovasialyq qyzmeti. 2016-2020 jyldarga arналған Statisikalыq jinaq [Elektronды resurs]. – 2021. – URL: <http://www.stat.kz>.
8. Kubaev K.E. Teoria postroenia ekonomicheskogo upravlenia // Evraziiskoe soobshestvo: ekonomika, politika, kultura. Almaty: – 2000. – № 2. – S. 28-38 [in Russian].

Л.Б. Избасарова, А.К. Кадырбергенова, С.Е. Жаксығалиев

ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИННОВАЦИОННО-ИНВЕСТИЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И ФАКТОРЫ, ЕЕ ОПРЕДЕЛЯЮЩИЕ

Аннотация

В статье представлены данные о факторах, определяющих экономическую эффективность инновационно-инвестиционной деятельности, объемах затрат на инновации и уровне активности в области инноваций в Республике Казахстан. Авторы подчеркивают необходимость использования инновационно-инвестиционной деятельности в реальном секторе, а также создания благоприятных условий для увеличения инвестиций для инноваций в соответствии с социально-инфраструктурным процессом предоставления услуг, достижение результатов повышения спроса возможно только при осуществлении привлечения инвестиционных ресурсов в интересах участников экономического процесса.

Уровень устойчивого и долгосрочного экономического развития государства во многом зависит от привлекаемых инвестиций в проведение научных исследований и разработок, использования новых

и существующих технологий. Как известно, сегодня появление страны в числе инновационных лидеров во многом определяется уровнем ее социально-экономического развития, а также ростом благосостояния населения, а также улучшением уровня жизни.

В этой связи приоритетом сегодняшнего дня должна быть определена дальнейшая реализация мероприятий по грамотному экономическому управлению всеми регионами страны, их качественному развитию, проведению политики, направленной на выполнение государственных программ, основанных на долгосрочном росте экономики, совместной реализации проектов развития инновационных и инвестиционных процессов. Ведь экономическое развитие государства во многом основывается на инвестициях в осуществление научных исследований и разработок, повышении эффективности производства по созданию новых технологий и, в свою очередь, определяет экономическую мощь страны, способствуя повышению производительности труда и приросту капитала, объемов высокотехнологичной продукции.

L. Izbassarova, A. Kadyrbergenova, S. Zhaksygaliev

**ECONOMIC EFFICIENCY OF INNOVATION AND INVESTMENT
ACTIVITY AND FACTORS DETERMINING IT**

Annotation

The article presents data on the factors determining the economic efficiency of innovation and investment activities, the amount of innovation costs and the level of activity in the field of innovation in the Republic of Kazakhstan. The authors emphasize the need to use innovation and investment activities in the real sector, as well as to create favorable conditions for increasing investment for innovation in accordance with the socio-infrastructure process of providing services, achieving the results of increasing demand is possible only when attracting investment resources in the interests of participants in the economic process.

The level of sustainable and long-term economic development of the state largely depends on the attracted investments in research and development, the use of new and existing technologies. As you know, today the emergence of a country among the innovative leaders is largely determined by the level of its socio-economic development, as well as the growth of the welfare of the population, as well as the improvement of living standards.

In this regard, the priority of today should be the further implementation of measures for competent economic management of all regions of the country, their qualitative development, the implementation of policies aimed at the implementation of state programs based on long-term economic growth, joint implementation of projects for the development of innovative and investment processes. After all, the economic development of the state is largely based on investments in research and development, increasing the efficiency of production to create new technologies and, in turn, determines the economic power of the country, contributing to increased labor productivity and capital growth, volumes of high-tech products.

